

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Заң факультеті

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық
және әкімшілік құқығы кафедрасы

АР 2207 Әкімшілік құқық
пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**6B04205 – «Құқықтану», 6B04203 – «Кеден ісі»
білім беру бағдарламалары**

1 курс, көктемгі семестр, 5 кредит

Алматы 2025 ж.

Пәннің қорытынды бақылау бағдарламасын құрастырған: з.ғ.д., профессор
Кегембаева Ж.А. 6B04205 – «Құқықтану», 6B04203 – «Кеден ісі» білім беру
бағдарламалары негізінде әзірленген.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік
құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«17» 06. 2025 ж. № 28 Хаттама


Кафедра меңгерушісі



Усеинова К.Р.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша Академиялық комитеттің
төрағасы

«25» 06. 2025 ж. № 11 Хаттама



Урисбаева А.А.

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды

«26» 06. 2025 ж. № 10 Хаттама

Ғалым хатшы



Атаханова Г.М.



КІРІСПЕ

6B04205 – «Құқықтану», 6B04203 – «Кеден ісі» білім беру бағдарламаларын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес. пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан – қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляцияға беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бұйрық негізінде қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25-49 балл алса, онда қайта тапсыруға жіберіледі. FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Емтихан Универ жүйесінде тест тапсыру арқылы қабылданады. Тест сұрақтары Нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 300 сұрақтан 1.2.3 дұрыс жауаппен құрылған.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Әкімшілік құқығының түсінігі, пәні мен әдістері.

Әкімшілік құқықтың саласы ретінде және ғылым ретінде мемлекеттік басқарудың белгілері мен қағидалары. Әкімшілік құқықтың пәні, әдісі, жүйесі, қағидалары және қайнар көздері. Әкімшілік құқықтың ұлттық құқық жүйесінде алатын орны.

2. Әкімшілік құқықтық нормалар және құқықтық қатынастар.

Әкімшілік құқықтық нормалардың түсінігі, түрлері. Әкімшілік құқық нормаларының ресми түсіндіру актілері және қолдану актілері. Әкімшілік құқықтық қатынастар түсінігі, белгілері, элементтері және түрлері.

3. Басқарудың әкімшілік-құқықтық нысандары және әдістері. Басқарудың құқықтық актілері

Басқарудың әкімшілік-құқықтық нысандары мен әдістерінің түсінігі және түрлері. Басқарудың құқықтық актілерінің мазмұны мен құрылымы. Басқарудың құқықтық актілерін қабылдау тәртібі. Басқарудың құқықтық актілерін орындау және қолдану ерекшеліктері.

4. Әкімшілік мәжбүрлеу

Әкімшілік мәжбүрлеудің түсінігі және белгілері. Әкімшілік мәжбүрлеудің шаралары. Әкімшілік алдын алу шаралары. Әкімшілік бұлтартару шаралары. Әкімшілік-процесуалдық мәжбүрлеу шаралары. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолданудың тәртібі.

5. Әкімшілік-құқықтық режимдер

Әкімшілік құқықтық режимдердің түсінігі және түрлері. Әкімшілік құқықтық режимдерді жүзеге асыратын органдар. Әкімшілік құқықтық режимдерді енгізудің тәртібі. Төтенше жағдайларды енгізудің режимдері. Әскери жағдайларды енгізудің режимдері. Мемлекеттік шекара режимдері. Мемлекеттік шекараны қорғау.

6. Әкімшілік құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалар.

Азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің қағидалары. Азаматтық. Азаматтардың әкімшілік құқық қабілеттілігі мен әкімшілік әрекет қабілеттілігі. Мемлекеттік басқарудағы азаматтардың негізгі құқықтары мен түрлері және

кепілдіктері. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі.

7. Әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде заңды тұлғалар

Қоғамдық бірлестіктердің түсінігі, түрлері және қағидалары. Қоғамдық бірлестіктердің ұйымдық-құқықтық нысандары. Қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері. Діни бірлестіктердің түсінігі және белгілері. Саяси партиялар, кәсіптік одақтар. Олардың нысандары және түрлері. Кәсіпорындардың түсінігі және белгілері. Кәсіпорындардың түрлері.

8. Атқарушы билік органдары

Атқарушы билік органдарының түсінігі және белгілері. Атқарушы билік органдарының түрлері. Атқарушы билік органдарының қызметі мен жүйесі. Қазақстан Республикасының Үкіметі. Министрліктер. Агенттіктер. Ведомстволар. Департаменттер. Комитеттер. Комиссиялар. Жергілікті атқару органдары.

9. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет.

Мемлекеттік қызмет. Мемлекеттік лауазым. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымын топтастыру. Мемлекеттік қызметтің қағидалары. Біліктілік талаптары. Мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік-құқықтық мәртебесі, құқықтары және міндеттері. Мемлекеттік қызметке кіру, қабылдау, ауыстыру және тоқтату. Мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығы.

10. Әкімшілік құқық бұзушылық

Әкімшілік құқық бұзушылықтың түсінігі және белгілері. Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы: Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі. Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағы. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.

11. Әкімшілік жауаптылық

Әкімшілік жауаптылықтың ұғымы және белгілері. Әкімшілік жауаптылықтың қағидалары және негіздемелері. Әкімшілік жауаптылықтың болмауы және одан босату. Әкімшілік жауаптылықтан босатудың негіздемелері.

12. Әкімшілік жазалар

Әкімшілік жазалардың ұғымы. Әкімшілік жазалардың мақсаттары. Әкімшілік жазалардың түрлері. Әкімшілік жазаларды қолданудың жалпы ережелері. Әкімшілік жазадан және жауаптылықтан босату мерзімдері. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жазаны және жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән жайлар.

13. Әкімшілік юстиция. Әкімшілік іс жүргізу (өндіріс).

Әкімшілік іс жүргізу. Әкімшілік іс жүргізу қағидалары. Әкімшілік іс жүргізуге қатысушылар. Әкімшілік іс жүргізудің құрылымы. Әкімшілік іс жүргізудің сатылары.

14. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Ерекше бөлімінің құрылымын қарастыру. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдарын сипаттау.

15. Мемлекеттік басқару аясындағы заңдылықты бақылау және қадағалау

Мемлекеттік басқару аясындағы заңдылықты бақылау мен қадағалаудың түсінігі. Заңдылықты қамтамасыз ету құралдары мен механизмдері. Мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың түрлері және оларды жүзеге асыру тәртібі. Мемлекеттік органдардың заңдылықты бақылаудағы рөлі.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ ТАПСЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ:

1. Пән бойынша қорытынды бақылау - тест түрінде UNIVER жүйесінде өткізіледі. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса).

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық тізімдемесіне қорытынды баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі: 48 сағат ішінде бекітілуге жатады. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

4. Тесттің түрі - көптік таңдау. 1,2,3 дұрыс жауаппен

5. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тесттің өту уақыты- 90 минут.

6. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады

7. Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді

8. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

9. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта каралуы мүмкін. Егер студент тест өту тәртібін бұзған болса, онда алған бағасы жойылуға жатады

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді Univer жүйесіндегі сілтемелер арқылы қарай алады

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: $\frac{AB1+AB2}{2} \cdot 0,6 + ҚБ \cdot 0,4$.
Мұнда AB – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2014 жыл 05 шілдеде қабылданған (<http://www.adilet.zan.kz>. 2025 ж.)

2. Мельник Р.С. Общее административное право Республики Казахстан: учебник. В 3 томах. Т.1. Введение в теорию. - Алматы : LEM, 2023. - 340 с.

3. Исабеков А.Қ., Құсайынов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2019.
4. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015.
5. Жетписбаев Б.А. Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учеб. пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2017.
6. Ospanova D.A., Smanova A.B. Administrative Law of Republic of Kazakhstan. Almaty: Qazaq University, 2018.
7. Кемали Е., Журсимбаев С.К. Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау органдары: Оқулық. – Алматы: NURPRESS, 2016— 156 р.
8. Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Қусаинов Д.О. Әкімшілік жауаптылық. Алматы: NURPRESS, 2015.

Интернет-ресурстар :

Пән бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz сайтының бетіндегі ПОӘК бөлімінде қол жетімді болады.

<http://www.adilet.zan.kz>. 2025 ж.